

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің байланыс инженері	ДИ 253-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1 беті
---	--	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.С. Сагинтаева
«__» _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ БАЙЛАНЫС ИНЖЕНЕРІ

ДИ 253-2024

Әзірлеген: ӘЗД директоры
М.М. Кожухова _____

Дана № _____

Көшірме № _____

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің байланыс инженері	ДИ 253-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1 беті
---	--	---

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі (СМЖ) бас инженердің лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және басқа да персоналмен өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Байланыс инженері оқу-көмекші персонал санатына жатады.

2.2 Байланыс инженері лауазымына тағайындау және одан босату (шаруашылық бөлімі (ШБ) бастығының ұсынысы бойынша) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

2.3 Байланыс инженері ШБ бастығына бағынады.

2.4 Байланыс инженері өз қызметінде корпусты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтар мен нормативтік құжаттарды, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін басшылыққа алады.

2.5 Байланыс инженері орнында болмаған кезде (іссапар, демалыс, ауру, т.б.) оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам орындайды. Ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

3 Сипаттама

3.1 Біліктілікке қойылатын талаптар: байланыс инженері лауазымына жоғары кәсіби (техникалық) білімі және инженерлік лауазымда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

3.2 Байланыс инженері:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жарғысын;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

- университеттің ішкі тәртіп ережесін;

- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалықты және өрттен қорғану ережелері мен нормаларын білуі керек.

3.3 Лауазымдық міндеттері

Байланыс инженері:

- желідегі ақауларды жоюға;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің байланыс инженері	ДИ 253-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1 беті
---	--	---

- нөмірлерді ауыстыру және желідегі монтажсыз жаңа нөмірлерді қосумен айналысуға;
- автоматты телефон станциясының (бұдан әрі – АТС) жұмысын бақылауға;
- барлық корпустарда АТС және ішкі сымдар тарамдарына қызмет көрсету бойынша жұмыстардың орындалуын бақылауға;
- телефон аппараттарын орнатуға;
- күнделікті телефон өтінімдерін орындауға;
- мүдделер қақтығысын болдырмауға немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтауға міндетті.

3.4 Құқықтары

- ұйым (мекеме) басшысының шешімдерінің жобаларын талқылауға қатысуға;
- құрылымдық бөлімшелерден, қызметкерлерден қажетті ақпаратты, құжаттарды сұратуға және алуға;
- өз құзыреті шегінде құжаттарға қол қоюға және бұрыштама қоюға;
- орындау үшін міндетті нұсқаулар беруге;
- атқаратын лауазымдық міндеттеріне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

3.5 Жауапкершілігі:

- телефон байланысының тұтастығы, телефон желілерінің жұмыс қабілеттілігі, университет вахталарында жүйелік аппараттардың жұмысы үшін;
- қағидада көзделген өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған;
- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;
- материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;
- университеттің еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін жауап береді.

3.6 Өзара қарым-қатынас

Жұмыс барысында байланыс инженері барлық құрылымдық бөлімшелермен қызметтік қарым-қатынаста болады.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-қа өзгерістер мынадай жағдайларда енгізіледі:

- функциялар мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлгенде;
- қайта құру немесе қысқарту кезінде;
- ұйымның атауы өзгергенде немесе лауазымның атауы өзгергенде.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің байланыс инженері	ДИ 253-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1 беті
---	--	---

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық:

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директормен;
- Заң бөлімінің бастығымен;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық «Танысу парағында» (Б қосымшасы) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып, қызметкердің назарына жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген нұсқаулықтың есепке алынған данасы ШБ беріледі, ал түпнұсқасы әкімшілік-заңгерлік департаментінің кадр бөлімінде (ӨЗД-де) сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің байланыс инженері	ДИ 253-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1 беті
---	--	---

А Қосымшасы (міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің байланыс инженері	ДИ 253-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1 беті
---	--	---

Б Қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]